



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Қуанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02  
ББК 74.00

ӨОЖ 371.321.1

## ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ МАҚСАТЫНДА LESSON STUDY ҮДЕРІСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМІ

Утина Альмара Кажихановна  
учитель информатики, заместитель директора  
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №18 мектеп-гимназиясы» КММ,  
Қостанай қ.

### Аңдатпа

*Оқыту тәжірибесін жақсартуда Lesson study пайдалану тиімді. Бұл тәсілдің ерекшелігі – мұғалімнің әріптестерінен әдістемелік көмек алу арқылы жаңа әдістерді үйреніп, сабақ өткізу шеберлігі арта түседі. Сонымен қатар, оқушының оқудағы мәселелерін шешуге бағытталған.*

**Түйінді сөздер:** Lesson study, тәжірибе, зерттеу сабағы, портфолио, ұсыныс, үдеріс.

### Аннотация

*Использование уроков эффективно для улучшения опыта преподавания. Особенность этого подхода заключается в том, что учитель осваивает новые методы и совершенствует свое педагогическое мастерство, получая методическую помощь от своих коллег. В то же время, направлена решение проблем в обучении учащегося.*

**Ключевые слова:** Lesson study, опыт, урок изучения, портфолио, рекомендации, процесс.

### Abstract

*Using Lesson study is effective in improving teaching experience. The peculiarity of this method is that the teacher learns new methods and improves his teaching skills by receiving methodological help from his colleagues. At the same time, it is aimed at solving the student's learning problems.*

**Key words:** Lesson study, experience, study lesson, portfolio, proposal, process.

Оқыту тәжірибесін жақсарту барысында әр мұғалім өз алдына: Неліктен қолданыстағы тәсілдер тиімді емес? Бұл мәселені қалай өзгертуге болады? Қазіргі жағдайды өзгерту үшін не істеу керек?- деген сұрақтар қойып, өзін-өзі дамыту үшін әр түрлі педагогикалық тұрғыдағы әдебиетпен танысып, оны пайдалануға тырысады, бірақ нәтиже болмауы мүмкін. Бұл мұғалімнің жекеленіп, оқшауланып жұмыс жасауының нәтижесі. Осы орайда, өз тәжірибесіне Lesson study үдерісін енгізген мұғалімдер кез келген пән бойынша, әр сыныпта да оқыту әдістемесінің тиімді екенің пайымдайды.

Lesson study өткізуге арналған сыныпты мұғалімдер өз таңдауын осы сыныптың оқу процесінде бар қарама-қайшылықтарды дәлелдей отырып, өз бетінше анықтайды. Білім беру сапасының тиімділігін арттыру мақсатында мұғалімдер оқу-тәрбие үрдісіне жаңаша көзқарасты дамытып, жетілдіреді. Сондай-ақ, белгілі бір сыныпта немесе қатарлас сыныптарда оқу мектеп әкімшілігінің бастамасымен енгізіліп осы сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдерді педагогикалық мәселені шешуге, зерттеуге және оны жоюдың шешімдерін табуға шақырады.

Lesson study үдерісінде мұғалім зерттеу сабағын өткізуге, зерттеу сабағына дейін шамамен бір айда сабақ жоспарын жазуға ерікті түрде жауапкершілік алады. Ол өзінің сабақ жоспарын осындай сыныптың немесе дәл осындай пән саласында жұмыс істейтін мұғалімдер қатысатын жиналысқа ұсынады. Содан кейін, мұғалім басқа мұғалімдермен талқылауға негізделген сабақ жоспарын қайта жазады. Кейбір жағдайда кездесу циклдары және жоспарды қайта жазу үдерісі бірнеше рет қайталанатын. Басқа жағдайда мұғалім мектеп кеңесінің әдіскерінен сабақ жоспарын жақсарту үшін кері байланыс беруін сұрайды. Зерттеу сабағында мұғалім сабақ жоспарын ұстана отырып, өз сыныбында сабақ өткізеді, жоспар құруға қатысқан мұғалімдер зерттеу сабағын бақылайды. Зерттеу сабағанан кейін сабақ өткізуші мұғалім мен сабаққа қатысушы мұғалімдер зерттеу сабағын талдайды. Сабаққа арнайы әдіскерлер мен психолог мамандарын шақырып арнайы кеңес алып, сабақ құрылымында ескеруге болады. Lesson study дәстүрлі ашық сабаққа ұқсайды, бірақ ашық сабақтан айырмашылығы – бақылаушылар мұғалімнің әрекетін талқыламайды, сабақта пайдаланған әдіс-тәсілдердің дұрыс іріктелуі мен олардың оқушының танымдылығы мен ынтасын артуына тигізетін әсері бақыланады. Яғни, мұғалімнің әрекеті бағаланбай, оқушының әрекеті бағаланады.

Мұғалімдер Lesson study арқылы сабақ беруде нақты мақсаттар мен міндеттерді ғана емес, сонымен қатар зерттеудің негізгі идеясын, жаңа көзқарасты анықтай алуы керек, негізгі идея – зерттеу мақсаты. Оның көмегімен оқушылардың оқу іс-әрекетіндегі бар мәселе шешіледі, әдетте ол сұрақ ретінде тұжырымдалады.

Мектеп тәжірибесінде 3 «А» сыныбында Lesson Study «Оқушылардың «Әдебиеттік оқу» сабағында сөздік қорын қалай асыруға болады?» тақырыбында жүзеге асырып, мұғалімдер осы мәселені шешуге арналған әдістер мен тәсілдерді іріктей бастады. Бұл сыныптың таңдалып алыну себебі, өткен оқу жылында төмен нәтиже көрсеткендігі және сынып оқушылары өз ойын еркін қазақ тілінде жеткізе алмауы, тілдік қорының дамымағандығы болды. Lesson Study өткізілу нәтижесінде келесідей болды: 3 «А» сынып оқушыларының жаңашыл әдістері қолдану арқылы қазақ тілінде сөйлеу қоры артады, сабақтарда өтілетін шығармаларды жақсы ұғынады.

Lesson study өткізу барысы 4 кезеңнен тұрды.

1-кезең: Lesson study жүзеге асыратын дайындық. Бұл кезеңде Lesson study жүзеге асыру комиссиясы тағайындалып, өткізілу уақыты бекітілді.[1.,16 б.]

2-кезең: Жоспарлау. Мектеп мұғалімдері отырыс құрып, сабақ жоспарланды. Сабақ жоспарын құруда барысында дискрипторлар жасалды. Оқушылар әрекеті осы дискрипторлар бойынша бағаланды.

3-кезең: Сабақты бақылау.

3 «А» сынып жетекшісі К. бастауыш сынып мұғалімдерімен бірлесіп жасаған сабақ жоспарын ұстана отырып өз сыныбында ашық сабақ өткізді. Қалған мұғалімдер зерттеу сабағын бақылады. Осы орайда, сыныпта дайындық деңгейі әртүрлі оқушылар бар екенін ескере отырып, сабақта ұсынылатын тапсырмалар мен жаттығулардың оқушылардың дайындық деңгейіне қаншалықты сәйкес келетінін ескеріліп отырды. Мұғалімдер тапсырмаларды құрастыру кезінде оқушылардың күтілетін нәтижелерін көрсетуі маңызды болды. Бұл тәсілдің тиімділігін растай отырып, оқушылар сабақ барысында және одан кейін зерттелетін оқушылармен сұхбаттасу кезіндегі оқыту туралы сенімді мәліметтерді жинауда көрінді. Сабақта оқу үлгерімі әр түрлі деңгейдегі оқушылар бақылауға алынды. Мұғалім-бақылаушылар өздерінің бақылау нәтижелерін осы сабақ үшін арнайы әзірленген сабақты бақылау схемасына енгізе отырып, әрбір оқушыны бақылады. Бақылау схемасы ыңғайлы болуы керек, онда сабақтың барлық кезеңдерін бейнелеген жөн. Мұғалім-бақылаушының алдында сабақ жоспары болды, бұл болашақта бақылаушы-мұғалімдерге оқушылардың ауызша жауаптарын ұсынылған тапсырмалардың дұрыс жауаптарымен салыстыруға көмектесті. Жазбаша тапсырмаларды бақылаушы мұғалімдер өздері бақылап отырған оқушы жұмыс істейтін топқа жақындау арқылы бағалай алды. Мұғалімдер бүкіл сыныптың жұмысын да қадағалайды.

Бақылаушы мұғалімдер әр оқушыға арнайы зерттеу картасын толықтырады. Зерттеу картасы осы сыныптағы үш оқушыға жасалды. Мұғалімдер зерттеуге бір оқушыдан алып, сол оқушының сабақтағы әрекетін зерттеді. «А» деңгейіндегі оқушы Б., «Б» деңгейіндегі оқушы К., «С» деңгейіндегі С. оқушысы әр сабақтан соң барлық оқушымен бірдей сауалнама өтіп, сабаққа қатысты ойын жазбаша түрде білдіріп отырды.

4-кезең: Сабақтан кейінгі талқылау. Әр сабақтан кейін мұғалімдер отырыс ұйымдастырып, сабақты талқылады. Осы сабақты жақсарту үшін нені дұрыстауымыз керек? Сабақта не тиімді болды? Басқа тәсіл қолданса сабақ қалай өтер еді? – деп, мұғалімдер сабақ жайлы өз пікірін айтады. Әр сабақ бойынша жазбаса есеп тапсырды, және сабақ сайын оқушының дамуындағы өзгерістерді бақылады.

5-кезең: Lesson Study туралы есеп жазу. Есеп жазбас бұрын Lesson Study құжаттары жинақталды: Бақылаған мұғалімдер әр оқушының өткізілген сабақтар бойынша табыстылығының өзгерісін бақылау кестесін, сабақтар бойынша оқушымен жүргізілген «Оқушы дауысы» сауалнамасы, мұғалімдердің отырыстарының хаттамалары жинақталды. Зерттеу нәтижесінде «А» деңгейінің оқушының беленділігі артқаны байқалды, бірінші сабақтарда қиыншылықтары болса, соңғы үшінші сабақта өз ойын еркін білдіріп, көшбасшы бола алды. «С» деңгейінің оқушысы өзіне сенімі артып, соңғы сабақта белсенділігі арта түсті. Ол өзінің «3»-ке емес, «4»-ке де оқи алатынын көрсетті. «В» деңгейінің оқушысының әдебиеттік оқу сабағына қатысу белсенділігінің аз мөлшерде артқаны байқалды. Зерттеу нәтижесінде 3 «А» сыныбының жалпы білім сапасы, сабаққа қызығушылығы артып, қазақ тілінде сөздік қоры артқаны байқалды.

Lesson Study үрдісіне қатысқан мұғалімдер осы әдістің тиімділігін тәжірибе негізінде түсінді және өткізу тәжірибелері арқылы өз рефлексиясын тереңдетті, сабақтың жаңа пішімде әзірледі. Сонымен қатар, болашақта Lesson Study үрдісін өткізуге бет алған мұғалімдерге келесі ұсыныстар жасады:

1. Рефлексия дағдыларын дамытыңыз. «Педагогикалық рефлексия» құзіреттілігін меңгеру үшін сізде көп жұмыс күтіп тұр – бұл мұғалімге жаңа тәсілдер мен педагогикалық әдістерді меңгеруге, оқиғаларды өзіндік талдау дағдыларын дамытуға, әдістемелік арқылы жаңа тәсілдерді қолдану тәжірибесін жалпылауға көмектеседі. әзірлемелер мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар.

2. Lesson study үдерісін, оның принциптерін және практикалық іске асыру қадамдарын мұқият зерттеңіз. Тәсілдің барлық белгіленген кезеңдерін мұғалімдердің дәл сақтауы қажет.

3. Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту қажет. Мұғалім оппоненттерді тыңдай білуі және өз ойын жеткізе білуі, зерттелетін мәселеге жауапкершілікпен қарай білуі, тәсілді жүзеге асыруға жауапкершілікпен қарай білуі керек.

4. Қолданылатын тәсілдің тиімділігін растайтын оқушылардың оқу деректерін жинауға жауапкершілікпен қарау.

5. Сабақты талқылағанда оқушының өзін емес, оқушылардың іс-әрекетін бағалауды үйреніңіз.

6. Топтық іс-әрекеттің жеке іс-әрекетке қарағанда артықшылығы бар, өйткені ол күрделі мәселелерді шеше алады. Топтық жұмыста топ мүшелерінің қарым-қатынасының ортақ ережелерін әзірлеу маңызды. Топтағы адамдардың саны да мұғалімдердің қол жеткізгісі келетініне байланысты болады. Сонымен, шағын топтар (4-6 оқушы) оқушы іс-әрекетінің көптеген түрлеріне тиімді, бірақ жоғары деңгейдегі бірлескен ақыл-ой тапсырмаларын орындау үшін және жұпта өзара әрекеттесуді ұйымдастыру тиімді. Үлкен топтар (7-10 адам) кез келген мәселені шешуде ыңғайлы, егер көптеген көзқарастар болса.

7. Сабақты жүргізетін мұғалімнің оқушылардың сабаққа жақсы бейімделуіне көмектесуі өте маңызды, әсіресе сабақта басқа мұғалімдер мен бақылаушылар болатындықтан және бейне жазба жүргізіледі. Сабақ барысында мұғалім бақыланатын оқушыларға басқалармен бірдей жауап беруге мүмкіндік береді, оларды бөлектемейді. Мұғалім тапсырмадан кейін талқылауға уақыт белгілеу арқылы оқушылардың жұмысын ұйымдастырады және қолдайды. Сыныптағы барлық жұмыс сабақтағы бірлескен іс-әрекет барысында нені меңгеруге және қол жеткізуге жоспарланғанын талқылауға бағытталуы керек. Мұғалім сабақта оқушылардың өзара қарым-қатынасын дамыта отырып, « фасилитатор », яғни «білім беру» ғана емес, оқу процесіне бағыт-бағдар беруші, қолдаушы қызметін атқаруы керек. Сабақ соңында мұғалім оқушыларды топтық жұмыстың барысы мен нәтижелері туралы ойлануға ынталандыруы керек.

8. «Оқушы дауысы» сауалнамасына арналған сұрақтар нақты және белсенділік рефлексиясы түрінде кері байланыс алуға бағытталған болуы керек. [2, 12 б.]

9. Зерттеу сабағын талқылауды барлық қатысушылардың сабағына терең рефлексия ретінде ұсынуға болады. Мұғалімдер зерттеу сабағын оның нақты құрылымын сақтай отырып талқылайды. Мұғалімдер үшін сабаққа немесе мұғалімнің іс-әрекетіне баға бермеуді үйрену өте маңызды. Алдымен мұғалімдер жоспарлау барысында жасалған алдын ала болжамдармен салыстыру негізінде үш «зерттеуші» оқушының оқуын бақылау нәтижелерін талқылайды, содан кейін орын алған өзгерістердің себептерін белгілейді. Содан кейін жалпы сыныпты оқытуды талқылаңыз. Зерттеу сабағының барысы мен оқыту үдерісін талқылағанда мұғалімдер мұғалім жүргізетін сабақтың барлық кезеңдерінің және оқушылардың іс-әрекетінің жағымды жақтарын атап өтеді, сонымен қатар сабақты жақсарту бойынша өз ұсыныстарын айтады.

10. Сабақты талқылау және зерттеу нәтижелерін түзетуді ескере отырып, келесі сабақтарды жоспарлау мұғалімдерге келесі сабақтардың сапасы мен тиімділігін арттыруға көмектеседі. Келесі сабақтар да сол қалыптасқан құрылымға сәйкес келеді. Оқу үдерісін мұндай ұйымдастырудың тиімділігін педагог-зерттеушілердің ұсынған зерттеу тәсіліне назар аудару арқылы студенттердің үлгеріміндегі өзгерістер динамикасынан байқауға болады.

Lesson study тәсілін қолдану бойынша алынған нәтижелерді танымал ету және жалпылау мұғалімдер қалыптастырған жаңа тұжырымдамалар оларды жалпылау және осы зерттеулерге қызығушылық танытқан мұғалімдерге ұсыну үшін қолжетімді болуы керек. Яғни, олар Lesson Study қолдану нәтижелерін презентация, коучинг, сабақтарды көрсету немесе әріптестерінің кең аудиториясына ұсынуы керек. Және жұмыс нәтижелерін басқа да әріптестерімен таныстыру мақсатында портфолио құрылады. Lesson study үдерісін мектепте жүзеге асыруда келесі құрылымда жинақталды:

1. Мектеп \_\_\_\_\_
2. Сынып: \_\_\_\_\_
3. Зерттеу тақырыбы \_\_\_\_\_
4. Мақсаты: \_\_\_\_\_

- 
5. Оқу тобының құрамы (мектеп директоры бекітеді)
  6. Тәжірибеші мұғалім: \_\_\_\_\_
  7. Бақылаушы мұғалім: \_\_\_\_\_

- I. \_\_\_\_\_
- II. \_\_\_\_\_
- III. \_\_\_\_\_

8. Іске асыру жоспары (мектеп директоры бекітеді): Іс-шараның өткізілу күні мен уақытын, Lesson study жүзеге асыруға арналған барлық іс-шараларды көрсетуді ұмытпаңыз

9. Таңдау негіздемесі:
10. Сынып сипаттамасы:
11. Оқушылардың бақылауы:
12. А (қысқаша сипаттама) - \_\_\_\_\_
13. В (қысқаша сипаттама) - \_\_\_\_\_
14. В (қысқаша сипаттама) - \_\_\_\_\_
15. Орта мерзімді жоспарлау
  - i. 1-сабақ \_\_\_\_\_
  - ii. 2-сабақ \_\_\_\_\_
  - iii. 3-сабақ \_\_\_\_\_
16. Қысқа мерзімді жоспарлау (Фокус-топпен әзірленген)
17. Мұғалімдердің сабақ нәтижесі бойынша пікір жазу, хаттамаға тіркеу
18. (Зерттеуге арналған материал (фотосуреттер, бейнелер, сауалнамалар, жұмыстар) -
19. №1,2,3, сабақтан кейінгі оқушыларға арналған сауалнама
20. Фокус-топта жұмыс (әр сабақ бойынша есеп – 3)
21. «Оқушы дауысы» сабақтың соңында зерттелетін оқушылармен өткізілген сауалнама нәтижелері бойынша (Әр сабақтың соңында оқушылардан алынады. Сұрақтар Lesson study тақырыбына байланысты болады)
22. Бақылау және зерттеу парағы.
23. Зерттелетін студенттің бақылау нәтижелері :
24. Зерттеу есебі
25. Осы сыныпта жұмыс істеуге арналған әдістемелік нұсқаулар.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Чичибу Т. Lesson Study бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық: ағылш./Т. Чичибу (Жапония), Л. Ду Тоит (Оңтүстік Африка), А.Тулепбаева (ҚР).- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана., 2013.
2. Пит Дадли Lesson study: Нұсқаулық, мұғалімдерге арналған нұсқаулық, 2011

УДК 377.031

### ТРАНСФОРМАЦИЯ СОВРЕМЕННОГО ПЕДАГОГА В ПРОЦЕССЕ СПЕЦИАЛЬНЫХ И ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ДИСЦИПЛИН

Филипенко Ольга Григорьевна  
преподаватель специальных дисциплин  
Кислер Ольга Владимировна  
преподаватель общеобразовательных дисциплин  
КГКП «Профессионально-технический колледж имени К.Доненбаевой»  
Управления образования акимата Костанайской области  
Мендыкаринский р., Костанайская о., Казахстан

#### Аннотация

*В статье рассматривается роль трансформации деятельности педагога в обучения в профессиональном образовании. Обосновывается необходимость существования информационных технологий в образовательном процессе. Рассматриваются вызовы, реалии и перспективы.*

**Ключевые слова:** трансформация, цифровая трансформация, информационные и коммуникационные технологии, компьютерное тестирование, самостоятельная работа, креативный метод, анализ конкретных ситуаций, учебный материал, студент.